КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2024 жылғы 5 желтоқсан №7119-24-00-2/14769 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астаны қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУПАКЕР:
Жеке кәсіпкер «Пернебаева» Айгерим Кунанбаевна Пернебаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану;
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астаны қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Пернебаева» Айгерим Кунанбаевна Пернебаеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Пернебаева» Айгерим Кунанбаевна Пернебаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Пернебаева» Айгерим Кунанбаевна Пернебаевадан мемлекет кірісіне 7 167 (жеті мың бір жүз алпыс жеті) теңге тұрақсыздық

Документ подписан: Бакишев А. Б., 05.12.2024

Дата вступления в законную силу: 14.01.2025, судья Есибаев К. Б., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

айыбы және 2 061 (екі мың алпыс бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 05.12.2024

Дата вступления в законную силу: 14.01.2025, судья Есибаев К. Б., 15.01.2025

7119-24-3-1/14188